

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ЭНЕРГЕТИКА  
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО  
ЭНЕРГЕТИКИ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғ. 19, «А» блогы  
Тел.: 8 (7172) 78-69-81, факс: 8 (7172) 78-69-43  
E-mail: kence@energo.gov.kz

010000, г. Нур-Султан, пр. Кabanбай батыра 19, блок «А»  
Тел.: 8 (7172) 78-69-81, факс: 8 (7172) 78-69-43  
E-mail: kence@energo.gov.kz

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісі  
«Ақ жол» Қазақстан демократиялық  
партиясы фракциясының депутаттары  
А. Перуашевке  
Е. Барлыбаевқа  
Б. Дүйсенбиновке  
Д. Еспаеваға**

*2020 жылдың 16 қыркүйектегі  
№ ДЗ-129 тапсырмаларыңызға*

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп, жоғарыда көрсетілген электр энергиясы нарығындағы жүйелік проблемалар мәселесі бойынша депутаттық сауалды қарап, қосымшаға сәйкес ақпаратты жолдайды.

*Қосымша: 8 парақта.*

**Министр**

**Н. Ноғаев**

орынд. Д. Акынов  
тел. 74-27-82  
[da.akynov@energo.gov.kz](mailto:da.akynov@energo.gov.kz)

*Энергетикалық нарық моделіне, ашықтық пен бәсекелестік тетіктерін енгізуге қатысты*

Үкімет жүргізген талдау шеңберінде электр энергиясы нарығындағы көтерме және бөлшек сегменттердің жоғары монополиялануы, тігінен интеграцияланған құрылымдардың болуы, нарықта үстем энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың (бұдан әрі – ЭЖҰ) ауыспайтындығы сияқты жүйелі проблемалар айқындалды.

Сондай-ақ негізгі проблемаларға саланың инвестициялық климатына қолайсыз әсер ететін реттелетін (бәсекелес емес) баға белгілеу, бағаны электр станциясының шекті тарифінен төмендету мүмкіндігімен негізделген электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының тартымсыздығы жатады.

Электр энергиясы нарығының ықтимал модельдерінің бірі жиынтық сұраныс нарығы болуы мүмкін, оның шеңберінде барлық көтерме тұтынушылар үшін бірыңғай орташа өлшенген бағаны белгілеу және тиісінше энергия өндіруші ұйымдар арасында нақты ықтимал бәсекелестік үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін нарықта олар үшін тең жағдайлар көзделеді.

Бұл модель нарықтың кейбір қатысушыларына электр энергиясын сату кезінде және баға белгілеуге қатысты «нарықтық билікті» көрсету мүмкіндігін шектеуге, сондай-ақ «шартты» тұтынушылар мен ЭЖҰ атынан электр энергиясын сатып алу-сату кезінде делдалдарды алып тастауға мүмкіндік береді.

*Делдалдар арқылы ірі өнеркәсіп кәсіпорындарына электр энергиясын көтерме саудада өткізуге тыйым салуға қатысты*

2020 жылғы 19 қаңтарда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.Ә. Смайылов бекіткен бәсекелестікті дамыту жөніндегі Жол картасын (егжей-тегжейлі жоспар) орындау шеңберінде тұтынушылар үшін бағаларды төмендету мақсатында Үкімет электр энергиясын өңірлік электр желілік компаниялар мен ірі тұтынушыларға станциялардан тікелей электр энергиясын жеткізу мүмкіндігімен, энергиямен жабдықтаушы ұйымдардан озып, электр энергиясы нарығында делдалдықты (мұнай өнімдеріне ұқсас) қысқарту мәселесін пысықтауды жүзеге асырды.

Жүргізілген талдау нарықта көтерме сауда нарығында тұтынушыларға электр энергиясын қайта сатумен айналысатын, сол электр энергиясын тікелей энергия өндірушілерден сатып алуға техникалық мүмкіндігі бар ЭЖҰ бар екенін көрсетті.

Бұдан басқа, аталған тұтынушылар электр қуаты нарығының қатысушылары болып табылады және бірыңғай сатып алушының

(«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС) тиісті тізбесінде тұрады.

Осыған байланысты мұндай практиканы болдырмау үшін бірыңғай сатып алушы тізбесінде тұрған көтерме тұтынушыларға электр энергиясын өткізуге ЭЖҰ-ға тыйым салуды заңнамалық тұрғыдан бекіту ұсынылады.

Қазіргі уақытта бұл ұсыныс Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі (бұдан әрі – БҚДА) әзірлейтін Қазақстан Республикасында бәсекелестікті дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобаға (бұдан әрі – Ұлттық жоба) жоба ретінде енгізілді.

Сондай-ақ бүгінгі күні электр энергетикасы саласындағы заңнамаға энергия өндіруші ұйымдарға орталықтандырылған сауда-саттықта сатуға жоспарланып отырған және электр қуатын желіге жіберуге арналған меншікті генерациялайтын қондырғыларының еркін қуаты туралы ақпаратты әрбір күнге өз интернет-ресурстарында орналастыру жөніндегі талаптар енгізілген. Сондай-ақ желіге жіберу үшін энергия өндіруші ұйым өзінің интернет-ресурсында ақпарат орналастырған меншікті генерациялайтын қондырғылардың электр қуаты бос болған кезде жекелеген сатып алушылармен шарт жасасудан негізсіз бас тартуға немесе жалтаруға тыйым салу жөніндегі норма көзделген.

*«КОРЭМ» АҚ арқылы ең аз көлемді белгілей отырып, ашық электрондық сауда-саттықта электр энергиясын өткізу көлемін ұлғайтуға қатысты*

Мемлекет басшысының жоғарыда аталған Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 48-тармағына сәйкес электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының көлемін ұлғайту көзделген.

Тиісті міндеттемелерді бекітудің мақсаты электр энергиясы нарығында адал бәсекелестікті енгізу болып табылады:

- электр энергиясының көтерме сауда нарығындағы олигополия мен жосықсыз бәсекелестік факторларының іс-қимылын шектеу;
- тұтынушылардың электр энергиясының көтерме сауда нарығында энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын сатып алуына тең құқылы және еркін қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- көтерме сауда нарығында электр энергиясы бағасының ашықтығын қамтамасыз ету.

Жоғарыда көрсетілген міндеттер энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын орталықтандырылған сауда нарығының электрондық алаңында өткізу жөніндегі міндеттемелерін заңнамалық деңгейде бекіту арқылы іске асырылатын болады.

Тиісті Заң жобасы ағымдағы жылғы маусым айында Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін болады.

Сонымен қатар бәсекелі нарықты қалыптастыру қажеттілігін назарға ала отырып, электр энергиясының орталықтандырылған саудасын

дамыту, сауда-саттық көлемін 2021 жылғы 10%-дан 2025 жылы 30%-ға дейін кезең-кезеңімен ұлғайтуды көздейтін, БҚДА-мен әзірленіп жатқан Ұлттық жобаға енгізілген.

*Электр энергиясына тарифтерді төмендету мақсатында энергия беруші ұйымдарды ірілендіру жөніндегі шараларға қатысты*

Үкімет жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының «Өңірлік электр желілік компанияларды (ӨЭК) ірілендіру» 51-қадамын іске асыруды жалғастыруда.

Бүгінгі таңда мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

- энергия беруші ұйымдардың саны 2017 жылғы 162-ден 2021 жылы 147-ге дейін қысқартылды (15-ке немесе 9,3%-ға қысқартылды);

- иесіз желілердің ұзындығы 2017 жылғы 2 350 км-ден 2021 жылы 140 км-ге дейін төмендеді (2 210 км-ге немесе 94%-ға қысқарды).

Бұл қадамды орындау ұзақмерзімді сипатқа ие және түпкілікті нәтижелерге 2023 жылы қол жеткізілетін болады.

51-ші қадамды іске асыру барысында электр желілерін беру бойынша екі проблемалық мәселе болды:

- энергия беруші ұйымдардың КМК және МКК желілерін қабылдау кезінде салық міндеттемелерінің туындауы.

- сенімді басқаруға қабылдау кезінде желілерге қызмет көрсету және оларды пайдалану шығындарын ескеретін энергия беруші ұйымдардың тарифін өзгерту нормасы көзделмеген.

2020 жылдың соңында Қазақстан Республикасы Парламентінің қолдауымен энергия беруші ұйымдардың коммуналдық меншіктегі желілерді қабылдауы кезінде салық міндеттемелерінен босатуды көздейтін нормалар қабылданды.

Шешімін талап ететін электр желілерін теңгерімге немесе сенімгерлік басқаруға қабылдаған кезде энергия беруші ұйымдардың тарифін өзгерту мүмкіндігі мәселесі реттелмеген күйінде қалып отыр.

Үкімет бұл түзетулерді қабылдау жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

*Коммуналдық кәсіпорындарды басқару жөніндегі делдалдық мемлекеттік ұйымдарды таратуға қатысты*

Бүгінгі күні Республика бойынша энергия беруші ұйымдарға сенімгерлік басқаруға немесе өтеусіз пайдалануға беруді талап ететін жергілікті атқарушы органдардың және коммуналдық кәсіпорындардың коммуналдық меншігіндегі электр желілері бар.

Қазақстан Республикасы «Электр энергетикасы туралы» Заңының талаптарына сәйкес мемлекеттік заңды тұлғалардың шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы электр желілері энергия беруші ұйымдарға сенімгерлік басқаруға беріледі.

Алайда энергия беруші ұйымдар электр желілерін сенімгерлік басқаруға қабылдаған кезде желілерге қызмет көрсетуге және оларды

пайдалануға арналған шығындарды ескеретін энергия беруші ұйымдардың тарифін өзгерту нормасы көзделмегендіктен, оларды қабылдамайды.

Осы мәселелерді шешу мақсатында Үкімет тиісті түзетулер дайындады.

Бұл бағыттағы жұмыс «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 51-қадамы шеңберінде жалғасатын болады.

Сонымен бірге БҚДА коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындардың, сондай-ақ акцияларының елу пайыздан астамы мемлекеттік меншікке тиесілі республикалық немесе коммуналдық меншіктегі заңды тұлғалардың және олармен үлестес тұлғалардың электр энергиясын сатуы жөніндегі қызметін жүзеге асыру жағдайларын анықтау жөніндегі жұмыстарды жүргізуде.

***Анықтама үшін:***

*Бәсекелестікті қорғау туралы заңнамада кәсіпкерлік қызметке мемлекеттің қатысу негіздері бекітілген.*

*Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысымен (бұдан әрі – Қаулы) бекітілген.*

*Қаулыға сәйкес, коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындар үшін, сондай-ақ акцияларының елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі республикалық немесе коммуналдық меншіктегі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар үшін электр энергиясын сату жөніндегі қызмет түрі көзделмеген.*

БҚДА аталған қызмет түрін мемлекет құрылтайшысы болып табылатын екі заңды тұлға – «Астана энергосбыт компаниясы» ЖШС және «Астана калалық Жарық» ЖШС жүзеге асыру белгіленген.

Сот шешіміне сәйкес энергиямен жабдықтау жөніндегі қызмет түрі «Астана энергосбыт компаниясы» ЖШС жарғысынан алынып тасталды, сондай-ақ электр энергиясын сату бойынша «Астана калалық Жарық» ЖШС қызметін тоқтату ұйғарылды.

*Касательно модели энергетического рынка, внедрении механизмов прозрачности и конкуренции*

В рамках проведенного Правительством анализа определены системные проблемы на рынке электрической энергии, такие как высокая монополизированность оптового и розничного сегментов, наличие вертикально-интегрированных структур, несменяемость доминирующих на рынке энергоснабжающих организаций (далее – ЭСО).

Также, к основным проблемам относятся регулируемое (а не конкурентное) ценообразование, неблагоприятно влияющее на инвестиционный климат в отрасли, непривлекательность централизованных торгов электрической энергией, обусловленная возможностью снижения цены ниже предельного тарифа электростанции.

Одной из возможных моделей рынка электрической энергии может стать рынок агрегированного спроса, в рамках которого предполагается установка единой средневзвешенной цены для всех оптовых потребителей, и, соответственно, равные для них условия на рынке, обеспечивающей создание условий для реально возможной конкуренции между энергопроизводящими организациями.

Данная модель позволила бы ограничить некоторым участникам рынка возможность проявлять «рыночную власть» при продаже электрической энергии и в отношении ценообразования, а также исключить посредников при купле-продаже электрической энергии в лице «условных» потребителей и ЭСО.

*Касательно запрета оптовой реализации электроэнергии крупным промышленным предприятиям через посредников*

В рамках исполнения Дорожной карты (детальный план) по развитию конкуренции, утвержденной 19 января 2020 года Первым Заместителем Премьер-Министра Республики Казахстан Смаиловым А.А., в целях снижения цен для потребителей Правительством осуществлена проработка вопроса сокращения посредничества на рынке электрической энергии (по аналогии с нефтепродуктами) с возможностью поставки электрической энергии напрямую от станций региональным электросетевым компаниям и крупным потребителям, минуя энергоснабжающие организации, в целях снижения цен для конечных потребителей.

Проведенный анализ показал наличие на рынке энергоснабжающих организаций (далее – ЭСО), занимающихся перепродажей электроэнергии потребителям на оптовом рынке, имеющих техническую возможность приобретать ту же электроэнергию напрямую от энергопроизводителей.



Кроме того, указанные потребители являются участниками рынка электрической мощности и состоят в соответствующем перечне единого закупщика (ТОО «Расчетно-финансовый центр по поддержке возобновляемых источников энергии»).

В этой связи, для исключения подобной практики, предлагается законодательно закрепить запрет ЭСО в реализации электрической энергии оптовым потребителям, состоящих в перечне единого закупщика.

В настоящее время данное предложение включено в качестве проекта в разрабатываемый Агентством по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан (далее – АЗРК) Национальный проект по развитию конкуренции в Республике Казахстан на 2021-2025 годы (далее – Национальный проект).

Также, на сегодняшний день в законодательство в области электроэнергетики включены требования к энергопроизводящим организациям по размещению на каждый день на своих интернет-ресурсах информации о законтрактованной, планируемой к продаже на централизованных торгах и свободной для отпуска в сеть электрической мощности собственных генерирующих установок. Также предусмотрена норма по запрету на необоснованный отказ или уклонение от заключения договора с отдельными покупателями, при наличии свободной для отпуска в сеть электрической мощности собственных генерирующих установок, информация о которой размещена энергопроизводящей организацией на своем интернет-ресурсе.

*Касательно увеличения объемов реализации электрической энергии на открытых электронных торгах, установив минимальный объем через АО «КОРЭМ»*

В соответствии с пунктом 48 Общенационального плана мероприятий по реализации вышеуказанного Послания Главы государства, предусмотрено увеличение объемов централизованных торгов электрической энергии.

Целью закрепления соответствующих обязательств является внедрение добросовестной конкуренции на рынке электрической энергии путем:

- ограничения действий олигополии и факторов недобросовестной конкуренции на оптовом рынке электрической энергии;
- обеспечения возможности равноправного и свободного доступа потребителей к покупке электрической энергии энергопроизводящих организаций на оптовом рынке электрической энергии;
- обеспечения прозрачности ценообразования электрической энергии на оптовом рынке.

Вышеуказанные задачи будут реализованы путем закрепления на законодательном уровне обязательств энергопроизводящих организаций по реализации электрической энергии на электронной площадке рынка централизованной торговли.

Соответствующий проект Закона будет внесен в Мажилис Парламента Республики Казахстан в июне текущего года.

Вместе с тем, принимая во внимание необходимость формирования конкурентного рынка, развитие централизованной торговли электрической энергией также включено в разрабатываемый АЗРК Национальный проект, предполагающий поэтапное увеличение объемов торгов с 10 % в 2021 году до 30% в 2025 году.

*Касательно мер по укрупнению энергопередающих организаций с целью снижения тарифов на электроэнергию*

Правительством совместно с местными исполнительными органами продолжается реализация 51 шага «Укрупнение региональных электросетевых компаний (РЭК)» Плана нации «100 конкретных шагов».

На сегодня достигнуты следующие результаты:

- сокращено число энергопередающих организаций со 162 в 2017 году до 147 в 2021 году (сокращено на 15 или на 9,3%);
- снижена протяженность бесхозных сетей с 2 350 км в 2017 году до 140 км в 2021 году (сокращено на 2 210 км или на 94%).

Исполнение данного шага имеет долгосрочный характер и окончательные результаты будут достигнуты в 2023 году.

В ходе реализации 51-го шага имелись два проблемных вопроса по передаче электрических сетей это:

- возникновение налоговых обязательств при принятии энергопередающими организациями сетей КГП и ГКП.
- не предусмотрена норма изменения тарифа энергопередающих организаций учитывающие затраты на обслуживание и эксплуатацию сетей при принятии их в доверительное управление.

В конце 2020 года при поддержке Парламента Республики Казахстан приняты нормы, предусматривающие освобождение от налоговых обязательств при принятии энергопередающими организациями сетей, находящихся в коммунальной собственности.

Не урегулированным остается вопрос, требующий решения – это возможность изменения тарифа энергопередающих организаций при принятии электрических сетей на баланс или в доверительное управление.

Правительством будет продолжена работа по принятию данных поправок.

*Касательно ликвидации посреднических государственных организаций по управлению коммунальными предприятиями*

На сегодня по Республике существуют электрические сети, находящиеся в коммунальной собственности местных исполнительных органов и коммунальных предприятий, требующие передачу в доверительное управление или безвозмездное пользование энергопередающим организациям.



Согласно требованиям Закона Республики Казахстан «Об электроэнергетике», электрические сети, находящиеся на праве хозяйственного ведения или оперативного управления государственных юридических лиц, передаются в доверительное управление энергопередающим организациям.

Однако, энергопередающие организации не принимают электрические сети, в связи с тем, что не предусмотрена норма изменения тарифа энергопередающим организаций учитывающие затраты на обслуживание и эксплуатацию сетей при принятии их в доверительное управление.

С целью решения данных вопросов Правительством были подготовлены соответствующие поправки.

Работа в данном направлении будет продолжена в рамках 51 шага Плана нации «100 конкретных шагов».

Кроме того, АЗРК проводится работа по выявлению случаев осуществления деятельности по продаже электрической энергии государственными предприятиями, находящимися в коммунальной собственности, а также для юридических лиц, находящихся в республиканской или коммунальной собственности, более пятидесяти процентов акций которых принадлежат государству, и для аффилированных с ними лиц.

**Справочно:**

*Законодательством о защите конкуренции закреплены основания государственного участия в предпринимательской деятельности.*

*Перечень видов деятельности, осуществляемых государственными предприятиями, юридическими лицами, более пятидесяти процентов акций которых принадлежат государству, и аффилированными с ними лицами, утвержден Постановлением Правительства Республики Казахстан от 28 декабря 2015 года № 1095 (далее – Постановление).*

*Согласно Постановлению, для государственных предприятий, находящихся в коммунальной собственности, а также для юридических лиц, находящихся в республиканской или коммунальной собственности, более пятидесяти процентов акций которых принадлежат государству, и для аффилированных с ними лиц не предусмотрен вид деятельности по продаже электрической энергии.*

АЗРК установлено осуществление указанного вида деятельности двумя юридическими лицами, учредителями которых являлись государство – ТОО «Астанинская энергосбытовая компания» и ТОО «Астана Калалык Жарык».

Согласно решениям суда, вид деятельности по энергоснабжению исключен из устава ТОО «Астанинская энергосбытовая компания», а также предписано прекращение деятельности ТОО «Астана Калалык Жарык» по продаже электрической энергии.